



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 28/54
15 шілде



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БҰҰ БАС ХАТШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ВЛАДИМИР ВОРОНКОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ!

ТАҒЫ БІР КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Қазақстан Республикасындағы нотариат мәртебесін арттыру мақсатында Премьер Министр орынбасарының – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023-жылғы 29-маусымдағы № 258 «Кәсіптік мерекелер тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен 14-шілдеде жыл сайын атап өтілетін кәсіби мереке – нотариат Күні болып белгіленді.

1997-жылы «Нотариат туралы» Заң қабылданғаннан бері заңнамалық акт талай өзгерістер мен толықтыруларға ұшырағаны белгілі. Адам баласының өміріне нотариустік қызмет енгелі бері бұл қызметтің мәртебесі төмендеген емес. Кез-келген қарапайым халық жылжитын және жылжымайтын мүліктер, көлік немесе тағы басқа өзіне тиесілі, жеке заттарын сату мен сатып алуда, өз иелігіндегі меншікті жақындарына немесе өзі қалаған бөгде адамға әлде мекеме, ұйымдарға аманат етіп қалдыруда, басқа да жағдайларда нотариустің қызметіне жүгінетіні анық. Нотариат даусыз азаматтық құқықтар мен заңдық нысандарды куәландыру жолымен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін заң жүзінде бекітуге бағытталған нотариалдық іс-әрекеттерді орындайтын, заңдық тұрғыда бекітілген органдар жүйесі. Нотариат пен сот азаматтық іс айналымында заңдылықты алдын ала және істен кейін бақылаудың бірыңғай қызметін жүзеге асырады. Бірақ азаматтық іс жүргізуде құқық туралы дауды қарайтын соттан айырмашылығы, нотариат азаматтық құқықтарды заң жолымен бекітуге және олардың болашақта бұзылу мүмкіндігін алдын алуға бағытталған қызметтерді орындайды. Нотариат куәландыған шарт – мүдделі жақтың өз құқығын дәлелдеуін жеңілдетеді, өйткені шарттың нотариус ресми түрде белгілеп берген мазмұны, мәмілеге қатысушылардың қойған қолдарының ақиқаттылығы, мәміле жасаған жері, уақыты, өзге де жағдайлар нақты және бұлтартқысыз түпқұжат болып табылады. Сондай-ақ нотариаттық іс-қимылды іске асыру аясында нотариустың жаңа міндеті – медиатор болуды енгізу және еуропалық әдістердің ішінен біздің елімізге тиімділерін алып, нотариальдық салаға қолдануды дұрыс деп ойлаймын. Электрондық құжатты қағаз құжатына баламалы етіп жасаудың және керісінше жаңа нотариаттық іс-әрекеттердің арқасында сіз қағаз құжатымен нотариуспен байланыса аласыз, нотариус оны сканерлеп нотариаттық жүйеге жүктейді. Сізге алушыға өткізетін құжаттың егжей-тегжейлері туралы хабарланады, ал елдің кез-келген аймағындағы адам нотариусқа жүгініп, осы мәліметтерді бере

отырып, сіз жүктеген құжатты алады. Ол құжаттың түпнұсқасына (сенімхат, келісім, өтініш, көшірме және т.б.) баламалы болады. Сіз электрондық құжат түріндегі кез-келген транзакцияны нотариуста жеке куәлігіңіздегі ЭЦҚ-мен қол қою арқылы немесе нотариустың графикалық планшетінде қол қою арқылы жасай аласыз. Мұндай құжат нотариаттық жүйеде сақталады, ол жоғалмайды, өзгеріске ұшырамайды және бүлінбейді. Сіз оған кез келген уақытта қол жеткізе аласыз. Жеке басын куәландыратын құжат нотариуска барғанда қажеті жоқ. Егер сіздің телефоныңда eGov Mobile қосымшасы болса, онда сіз нотариуска барғанда сізге жеке куәлік немесе төлқұжат қажет емес. Телефондағы құжаттың электрондық кескініне қол жетімділікті ашыңыз, пайда болған кодты нотариуска айтыңыз, нотариус бұл суретті өзінің жүйесі арқылы алады және сіздің жеке басыңызды анықтайды. Сондай-ақ, адамның электронды нотариалдық құжаттары eGov Mobile жеке кабинетіне жүктеледі деп жоспарланады. Әрбір нотариалдық құжатқа бірегей нөмір мен QR код беріледі және оған телефон камерасын бағыттау арқылы оның дұрыстығын тексеруге болады. Өмір жүріп жатыр және біз жеке нотариаттың қалыптасу кезеңінен өттік, жаңа цифрлық технологиялар кезеңінде тұрмыз, бірақ біздің мамандығымыздың мәні бірдей болады және біз заман ағымына ілесіп жүруіміз керек. Біздің нотариаттық қоғамдастықтың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, нотариустарға олар орындайтын жұмыс деңгейіне және олардың жауапкершілігіне сәйкес келетін лайықты табысқа, сондай-ақ мемлекеттен салық преференцияларын алуға кепілдік берілуі тиіс. Өзімің біраз жылдық қызметімде нотариус қызметінің маңыздылығына көзім жетті және халықпен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың мәселелерін шешуге атсалысқанымды мақтан етемін. Соңында әріптестерімді және қазақстандықтарды келе жатқан Нотариат Күнімен шын жүректен құттықтағым келеді, амандық, жұмыста табыс, еліміздің татулығы мен бірлігі тілеймін!

**Сайлау Қарабеков,
Қарағанды облысы,
Приозерск қаласының жеке
нотариусы,
Қазақстан Республикасының
Құрметті азаматы,
Қазақстанның Құрметті
заңгері,
Қазақстан Республикасына
еңбегі сіңген қызметкер**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Терроризмге қарсы күрес басқармасының басшысы Владимир Воронковпен және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитеті Атқарушы директоратының атқарушы директоры Наталья Германмен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Астанада өтіп жатқан Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Орталық Азия форумына қатысқаны үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының делегациясына алғыс айтты. – Сіздер бұл форумға қатысу арқылы аталған жиынға маңызды қолдау көрсетіп отырсыздар. Қазіргі әлемде болып жатқан оқиғаларды ескерсек, конференцияның күн тәртібіндегі мәселелер өте өзекті. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын толықтай қолдайды. Мен бұл жөнінде барлық халықаралық іс-шараларда үнемі айтып жүрмін. БҰҰ-ға мүше басқа мемлекеттердің бәрі Ұйым Жарғысында бекітілген қағидаттарды мүлтіксіз сақтауы керек деп санаймын. БҰҰ – Қазақстан үшін баламасы жоқ әрі әмбебап халықаралық ұйым. Ұйымға мүше елдердің әрқайсысы оның қызметін жетілдіру ісіне барынша үлес қосуға тиіс. Біз БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің

қызметін жоғары бағалаймыз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, оған ізгі тілегім мен сәлемімді жолдаймын. Қазақстанға келер болсақ, біздің тарапымыздан БҰҰ-ның кең ауқымды қызметіне жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бүгінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігі туралы көп айтылып жүр. Бұл мәселе демократия қағидаттарына сай егжей-тегжейлі талқылауға лайық деп санаймыз. Әрбір ел бұған өз үлесін қосып, пікірін айта алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Кездесу барысында аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды. БҰҰ өкілдері Қазақстанның бұл саладағы күш-жігеріне жоғары баға беріп, еліміз БҰҰ-ның терроризмге қарсы күрес мәселесінде көшбасшылардың бірі екеніне назар аударды. Владимир Воронков Астанада қауіпсіздік жөнінде Форум өткізудің маңызды екенін атап өтіп, бұл жиын диалог пен өзара сенімді қалпына келтіруге, ортақ шешімдер іздеуге арналған алаңдардың біріне айналғанын жеткізді.

akorda.kz

СҮЙІНШІ!!!

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЛҚОБЫЗЫ – ЛОНДОН САХНАСЫНДА



Айдынды Балқаш көлінің бойында орналасқан біздің Приозерск қаламыздан өнер, спорт, заң тағы басқа да салалардан нағыз таланттар шығып, соңғы жылдары қаламызды ғана емес, аймағымыз бен елімізді де әлемге танытып жатқаны көңіл қуантады. Олардың жеңістері мен табыстарын елге жарылап, сүйіншілеп отыру біздің басты масатымыз хәм міндетіміз. Кеше ғана Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияны бітірген жерлесіміз, талантты қыз, қылқобызшы Әсел Уәлиқызы Қыдырмұрат Еуропаның бас шаһарларының бірі, әлемдік мәдениеттің ортасы саналатын, Ұлыбританияның астанасы – Лондон қаласында өткен Golden Time Talent аталатын халықаралық байқауға қатысуға кеткенін естігенбіз. Аталған байқауға әлемнің 21 елінен келген суретшілер, әншілер, бишілер және әртүрлі аспаптарда ойнайтын өнерпаздар өз өнерлерін паш етіп, бақтарын сынауға жиналған. Әсел де өзінің қасиетті қылқобызын құшақтап барып, әлемдік деңгейдегі қазылар назарына қобызда орындаған күйлері мен шығармаларын ұсынған. Қобызшы қыздың өнеріне тәнті болып, қол шапалақтаған қазылар алқасы Әсел Уәлиқызын ұлттық аспапта

орындау шебері деп танып, бас жүлде – Гран-Приге лайықты деп тауыпты. Осынау сүйінші хабарды ести сала біз де газет оқырмандары және қала тұрғындарына жақсы жаңалықты жеткізуге тырыстық. Әселдің өзі ағылшын топырағында болғанымен, сүйінші жаңалық қазіргі технологияның дамыған заманында телефон құдіретімен бізге жедел келіп жетті. Жерлесіміздің бұл жеңісі қаламыздың, аймағымыздың ғана емес, дүйім қазақ елінің жеңісі, қуанышы, жетістігі деп білеміз.



Адам бойында талант пен дарын бір пайыз болса, тоқсан тоғыз пайызы еңбекпен ашылады дегенге толық қосылуға болады. Кішкентай кезінен томаға-тұйық, жуас болып өсіп келе жатқан Әсел Уәлиқызы Қыдырмұраттың бойында тұнып

жатқан талант барын ең әуелі байқап, таныған анасы Гүлбира апай екен. Есін біле бастағаннан өзге балалардан бөлектеніп, ой құшағында жүретін, түнде ұйқысынан жиі шошып оянатын қызының қандай да бір тылсым күшке ие екенін, немесе тіл-сұқ тиіп жүргенін анық аңғара алмай басы қатқанда айналаласындағы жақын-жуықтарына айтқанымен, ешкім оның сөзіне мән бере қоймаған болатын. Бұл әулеттің арғы тегінде әруақты кісілердің, нағашы жұртында көріпел әже барын, өз тарапы түп нағашыларында айтулы бақсы Тынымбай бақсы өткенін де қаперіне алмаған айналаласы бір құдайдан шарапат тілеп жүре берген. «Түсіме қобыз кіреді мама, қобыз құшақтап жүремін» дейтін кішкентай қызының ішкі жандуниесін анасынан басқа ұққан адам болмапты. Анасы бұл нышанды көңіл түкпіріне сақтап қалған. Мектеп табалдырығынан аттап, екінші сыныпты бітіргенде анасы Әселді өнер мектебінің қобыз сыныбына беремін деп шешім қабылдағанда да, оны құптай қойғандар көп болмаған. Әулетінде домбыра тартып, ән айтатындар болғанымен, қолдарына ұстап көрмеген қобыздан бір нәтиже шығарады дегенге олар сене қоймаған секілді. Көңіліндегі осындай түйткілді бір сәті келгенде өнерден хабардар, көпшілікпен араласқан, адам тани білетін қайнағасымен бөліседі. Бұл шынымен де ойланып жатқан еді. Сосын Әселді қобыз мектебіне беру керек деген өз ойын айтыпты. Аға сөзі камшы болып, осы

да, Әсел белгілі күйші, қобызшы Саян Ақмолданың қолынан дәріс алған.

Аталған мектепте ғана Әселдің шын дарыны ашылып, бұрынғы бұйығы күйінен арылады, түнгі ұйқысынан шошып оянаатынынан тиылады. Уақыт өтісімен қобыз аспабының қыры мен сырына қанығып, тез арада меңгеріп алады. Сыныбындағы 21 баланың бәрі де қобызшы болып, киелі аспаптың құлағында ойнауға талаптанып келген, өнерді өмірім деп санайтын балалар еді. Алайда, аламанды шын жүйрік қана топтан оза шауып, бәйге алмақ. Әселдің дарыны мен қатар еңбекқорлығын таныған және бағалаған ұстазы оны өнер байқауларына қатыстырып, бағы мен бабын сынап көре бастағанда, өзінің шәкірт таңдауда жаңылыспағанын білген еді. Бұдан әрі республикалық, халықаралық деңгейдегі бәйгелерге қатыстыруға болатынын бағамдаған.

Өткен жылдар Әсел мен ұстазы Саят Ақмолда үшін жемісті де, жеңісті жыл болды. Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып Астана қаласында өткен XI Ұлттық Дельфий ойындарына ұлттық аспаптардың қобыз номинациясы бойынша өнер бәйгесіне қатысып, бірінші орынды жеңіп алды. Сол кездегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінен арнайы диплом мен сертификатқа ие болды. Мойнына алтыннан алқа тағып, мектебінің абыройын асқақтатты. Әселдің бұл жеңісі Қыдырмұрат әулетімен бірге біздің қаламыздың, одан әрі Қарағанды облысының да мерейі еді. Сондай-ақ Әсел Құрманғазы атындағы консерваториясы халық аспаптары кафедрасының 70 жылдық мерейтойының құрметіне өткізілген республикалық байқауда жүлделі екінші орынды иеленген.

Бүгінде Құрманғазы атындағы ұлттық мемлекеттік консерваторияны бітірген Әселдің алға қойған арман-мақсаттары көп. Бүгінгі әлемдік дәрежедегі жеңісі де соның айғағы. Талапты да, талантты қыз талай өнер жарыстарында топ жаратынына сенімді. Дарынды қызымыз Әсел Уәлиқызына өнердегі жолың ашық, жеңісті бола берсін деген игі тілегімізді бағыштаймыз!..

Махамбет ИСАТАЙ

ҚАЙҒЫРА БІЛМЕГЕН, ҚУАНА ДА БІЛМЕЙДІ...

Өлшеулі өмір ғой, әртүрлі себептермен біреулер ерте, біреулер кеш кетіп жатады. Бейнелеп айтқанда «қамшының сабындай» қысқа ғұмыр. Күн құрғатпай қайғылы хабар, қаралы қазанамалар оқимыз, естиміз... Суыт хабар whatsapp чаттары мен әлеуметтік желілер арқылы елге тарайды. Соларға көңіл аудармай үнсіз отырудың өзі қиынның-қиыны екен, қайғыны бөлісіп, лайк басамыз, танысақ-та, таныма-сақ та жұбаныш сөздер жазамыз. Қазақ қазаның қайырын, марқұмның соңында қалған ұрпағына, жақындарына бас амандығын тілеуші еді, біздің жазатынымыз жат-

танды: «иманды болсын», «иман байлығын берсін», Алланың разылығына бөленсін, иманы серік болсын, Алла панасына алсын...

Бұл трафарет сөздер кімге? Қалай?

Не үшін айтылады? Кім түсіндіріп бере алады?..

Иман дегеніміз (арабша: – сенім: сену, илану, қабылдау) – Алла Тағаланың өсиетін және оның елшісі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.а) айтқандарының барлығын жүрегімен толық қабылдау екен. Солай болса, жүрегінің лүпілі тоқтаған жанға (өлген адамға) иманнан қандай медет, Алладан

қандай көмек? Осы біз иманды боламыз деп, ұлттық таным, қазақы қалпымыздан ажырап бара жатқан жоқпыз ба? Алғыс айтсақ та, бата беріп, тілек білдірсек те, бәріне Алланы қыстырамыз. Қазақша мазмұны: ар және адамгершілік, ұлттық намыс, азаматтық парыз, туысқандық сыйластық, берекелі бейбіт өмір, достық пен татулық, ағайынның адал көңілі, ынтымағы мен бірлігі, өмір жолын жаңа бастаған өренге, жаңа туған нәрестеге ұзақ ғұмыр, жас отауға жақсылық, еңбекте табыс, іздегенге олжа, сұрағанға несібе, жорық-шерулерге аттанар сарбаздар мен сардар-

ларға жеңіс, алыс жолға ат басын бұрғандарға сәт сапар, ақ жол тілеу, адалдық, елдік пен ерлік, шаңыраққа құт, босағаға береке, дастарханға ырыс-несібе, әр қазаққа зор денсаулық, ақ ниет, адамгершілік асыл қасиеттер жайында жақсыдан шарапат, ақылды бата, ақжолтай тілектер айтылмайтын болды. Түшкіргенімізге дейін Алланың разылығын сұрайтын болдық!

Қайғыра білмеген қазақ, қуана да білмейді...

Н.ЖАЛМАҒАМБЕТ

Махамбет Өтемісұлына - 220 жыл

ДАУЫЛПАЗ АҚЫН - ЕЛ МАҚТАНЫШЫ



Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Бөкей ордасы ауданының Нарын құмының Жасқұс деген жерде туған.

1846жылы 20 қазанда Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Индер ауданы— қазақтың әйгілі жырауы

ЕРЛІК – ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Гитлердің басқыншы армиясы Отанымыздың шекарасына соғыс жарияламай басып кіргенде, қызылқұмның арасында тып-тыныш тірлік етіп жатқан ауыл адамдарының да төбелерінен жай оғы түскендей болған. Еш дайындықсыз, алаңсыз жатқан еліміздің қалалары мен елді мекендерінен кедергісіз басып өткен гитлершіл армия көп ұзамай-ақ Ленинград, Мәскеу қалаларына қауіп төндіріп, атақты Сталинград шаһарына аяқ басты. Осы кезде елдің барлық жерінен соғысқа жарайтын азаматтарды жаппай майданға шақыру науқаны басталған. Тамды тарихында «Бес жүз бала аттанған» деген атпен қалған жастардың соғысқа аттану оқиғасы әлі күнге жұрттың аузында айтылып келеді. Осы үлкен топтың арасында жасы орда бұзар отыздағы Орынбасар Шілманов та бар еді.

Елдің қабырғасын сөге қайғыға салып кеткен өрендермен бірге, сол кеткеннен Саратов қаласы маңындағы Татишев станциясында алғашқы әскери дайындықтан өткен Орекең 1942-жылдың қыркүйегінде 13-атқыштар дивизиясының құрамындағы 34-полктың сапында Сталинград майданына түсті. Бұл кез нағыз қанмайдан – қырғынның қызған шағы болатын. Еліміздің ең маңызды аймағы саналған Сталинградты жаудан қорғауға кеңес Армиясының басшылығы бар амал-әрекеттерін қолданды. Жауынгерлердің биік рухы, қайсарлығы мен бағылдығы сынға түскен кезең еді бұл. Міне, осы алапат ұрыста Орекеңнің де нағыз қазақ

күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Ол Қазақ хандығының соңғы жырауы деп тануға болады. Байұлы ішіндегі Беріш руының Жайық бұтағынан. Нәдір деген

ЖЕТІ ЖЫЛ ӘСКЕР САПЫНДА

батырларына тән ерлік істерінің көзге түскен сәті болды. Қиян-кескі шайқас үстінде жау әскерімен бет-бет, қолма-қол айқасқа түскен кездері де аз болмаған. Сондай жойқын шабуылдың бірінде жарақаттанған О.Шілманов госпитальға түседі. Жарақаты жазылған соң қатарға қайта қосылып, Курск, Брянск майдандарындағы әскери қимылдарға қатысады. Осы ұрыстар үстінде ауыр жарақат алып, ұзақ уақыт емделгенін, 1943-жылдың 3-желтоқсанында туған жеріне 6 ай мерзімге демалысқа жіберіледі.

Ел ішінде болып, әбден сауыққан соң 1944-жылы үшінші рет майданға аттанған Орекең бұл жолы Кәттеқорғандағы запаста тұрған 54-полкқа келіп, сол жылдың ақпанында Самархан қаласындағы санитарлық нұсқаушылар дайындайтын курсқа оқуға түседі. Аталған оқуды шілде айында жақсы аяқтағанын шығыс майданға, атап айтқанда Жапон ұлтшылдарымен жүріп жатқан майдандағы 278-дивизия құрамындағы 855-полктың 1-батальонында санитарлық нұсқаушы болып соғысқа қатысады. Аталмыш ұрыс кезінде көрсеткен батылдығына орай «Ерлігі үшін» медалін омырауына қайдады. Осы жылы Орекеңнің мерейін үстем еткен тағы бір маңызды мадақтау келді. Дивизия командирі, полковник Лазарев пен саяси бөлім бастығы, гвардия полковнигі Жбаковтың қолдары қойылған «Біздің Советтік Отанымыз үшін» деген әшекейлі «Құрмет грамотасында» төмендегі сөздер жазылған екен:

кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады.

Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Ол өзі туып өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыражырау, Асанқайғы, Қазтуған Шалкиіз, Жиёмбет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғаларының өлмес мұраларын көкірегіне тоқып өсті. Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.

1846 жылы өз үйінде қастандықпен қаза табады. Бейіті Атырау облысы, Махамбет ауданы, Қараой деген жерде. Ақынның өлеңдері өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. Ел қандай болу керек деген сауалдарға жауап іздейді. Азаматтың міндетін көрсетеді. Осыған ұқсас «Беркініп садақ асынбай ...» деп басталатын өлеңі де бар. Алғашқыда ерлер ісі жорықпен оның қиындығына шыдау туралы болса, соңғыда жауын жеңу, ерлікпен қасқая соғысу ерлер ісі деп толғайды.

2023 жылдың 12 шілде күні кітапхананың «Білім» орталығында

«Құрметті жолдас, кіші сержант Шілманов Орынбасар! Жолдас Бас Қолбасшы, Генералиссимус жолдас Сталиннің 1945-жылғы 23-тамыздағы №372 бұйрығына сәйкес, Сізге жапон басқыншыларына қарсы соғыста көрсеткен үздік әрекеттеріңіз, Үлкен Хинган таулары мен монғол даласын азат етуге үлес қосқаныңыз үшін алғыс жариялаймын!

Сізді құттықтаймын және Сіз алдағы уақытта да өзіңіздің және кеңес қаруының даңқын арттыра отырып, өзіңіздің сүйікті Отаныңыздың қуатын нығайтады деп сенім артамын!». Осындай үлкен сенім мен лайықты мадақтаудың арқасында партия қатарына мүше болып қабылданды. Ол жапондармен соғыс жеңіспен аяқталған соң да елге оралмады. Орекеңді Тынық мұхиты флотының атақты адмирал Юмашев басшылық ететін 15-бригадасындағы 88-арнаулы атқыштар батальонына жібереді. Осында 1947-жылдың мамыр айына дейін қызмет еткен О.Шілманов туған жеріне, екі көздері төрт болып күтіп отырған отбасына, туған-туыстарына аман-сау, абыроймен оралған еді.

Бейбіт өмірде ол кісі әртүрлі лауазымдық қызметтер атқара жүріп, медициналық білімін жетілдіріп алды. Аяққұдық ауылдық ауруханасында меңгеруші болып жүргенде өз қызметін мінсіз атқарғаны үшін оны аудандық десаулық сақтау бөліміне меңгеруші етіп, лауазымын көтереді. Қызметі мен жұмысына тиянақты, талапшаң, қолға алған ісіне жауапкершілікпен қарай-

Ақын, батыр Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай «Дауылпаз ақын - ел мақтанышы» атты әдеби кеш өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға Махамбет Өтемісұлы жайлы тереңірек таныстыру. Батырдың ерлік істерін ұрпаққа үлгі ету, отансүйгіштікке, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Іс-шараға оқушылар қатысты. Әдеби кеште оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы Г.Тельтаева Махамбет Өтемісұлының өмірбаяны туралы әңгімелеп берді. Ол өзінің шығармашылығымен қазақтың даңқын шығаруда және жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуде қосқан үлесі зор. Әдеби кеште оқырмандар Махамбет Өтемісұлының айтулы күйшісі, сазгер болғандығы туралы пікір алмасты. Іс-шара соңында «Дауылпаз ақын-ел мақтаны» атты ерлік сағаты өтті. Ерлік сағаты өз деңгейінде өтіп, қатысушылар өз Отанының патриоты екендерін жүрегімен сезінді.

«Приозерск Қалалық кітапханасы» жмм

*Оқу бөлімінің кітапханашысы
Тельтаева Гүлжазира Оразовна*

тын арда азаматтың қызметі өсіп, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық санэпидемстанцияның бас дәрігері, аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Ауданның денсаулық саласының жетілуіне мейлінше үлес қосты. Ауданда кіші медицина қызметкерлерін дайындайтын курстың ашылуына мұрындық болып, осы курстың басқарушысы және алғашқы оқытушысы болды. Ол 1989-жылы құрметті еңбек демалысына шыққанша ауданның, ұжымының мақтанышы болған азамат еді. Соғыста және еңбекте көрсеткен жетістіктері үшін омырауына «І-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені мен 14 медаль тақты.

Орекең жан жары Базаркүл әжеміз екеуі Аня, Бұхарбай, Әділбай және Сәрсенбай есімді перзенттерін үлгілі азаматтар етіп тәрбиелеп, бәрінің жоғары білім алуына, ұстаздық жолды таңдауларына ықпал етті. Атамыздың 4 баласынан қазіргі таңда 18 немересі, 11 шөбересі бар. Халқы мен перзенттерінің алдында бақытты да баянды өмір сүрген атамыз 2007-жылы 85 жасында дүниеден өтті. Өнегелі әке, ұлағатты ата болған Орынбасар Шілмановтың жарқын бейнесі оны көргендер, қызметтес болғандар, одан тәлім-тәрбие алғандардың және ұрпақтардың жадында ұзақ уақыт сақталары сөзсіз.

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.*



Өнер (көркем әдебиет, музыка, кескіндеме, мүсін, сәулет, ұсташылық...) – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жандүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Өнердің мақсаты – дүниені, адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың немесе ұста қолынан шыққан туындының бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, жиһаздың немесе құралдың көрінісі көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Өнер жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуіне, оның эмоционалды күйіне, интеллектуалды өсуіне ықпал етіп, адамзаттың қордаланған сан ғасырлық мәдени тәжірибесінен, даналығынан сусындауға мүмкіндік береді. Өнер туындысы адам сезіміне қозғау салумен бірге, баяндалған оқиғаны басынан өткізгендей тебіреніске, кейіпкердің қуанышына сүйінген, қайғысына күйінген толғанысқа әкеледі, эстетикалық ләззәтқа бөлейді. Ол ерекше көркем образды рәміздер жүйесі арқылы, айрықша көркем тіл ретінде де, туындының әсемдігі, көркемдігі, сұлулығы ретінде де көрініп, адамдардың санасына жол табады.

Адамның көркем шығармашылық әрекеті сан алуан қалыпта дамып, ол өнердің түрлері, тектері, жанрлары ретінде таратылады.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында ағаштан, темірден, былғарыдан және басқа да заттардан адам баласының тұрмыс-тіршілігіне қажетті құрал-жабдықтар мен дүниелерді жасайтын керемет ұсталар, шеберлер өткен. Бұл үрдіс бүгінгі шейін атадан – балаға мұрас болып жалғасып келеді. Бүгінгі мақаламыздың кейіпкері – Бөкенбай Еңсетбайұлы Нарымбетов те осындай ұсталық жолды таңдаған азаматтың бірі. Орда бұзар отызға келген жасында ол өзі қалаған кәсіптің біраз шыңына көтерілді деуге толық негіз бар. 1989-жылдың 5-ақпанында Қарақалпақстан Республикасы, Тахтакөпір ауданының Мүлік (сол кездегі К. Маркс) ауылында дүниеге келген Бөкенбайдың балалық шағының жартысы ғана туған ауылында өткен. Өйткені сол замандағы көпші-қон саясатының ықпалымен 1998-жылдың ақырына қарай осы күнгі мекені – Приозерск қаласына келген. Себебі, мұнда оның туған ағасы Мұрат тұратұғын. Он жасынан бастап осы қаланың өміріне араласқан ол сол кезден-ақ ұсталық өнерге бет бұрған екен. Қалаға 1995-жылы көшіп келген Мұрат ағасы бұл кезде өзінің жеке кәсібін ашып, жұмсақ төсек-орындар, диван-кресло жөндеумен, қолдан жасаумен айналуы қолға ала бастаған кезең болатын. Сабақтан қолы босағанда ағасының қасында болып, керек-жарағын әперуге көмектесе жүріп ағаш ұстасының іс-әрекетіне, жасаған тірлігі мен жиһаздарына қызығушылық сезімі ояна бастаған.

Тоғызыншы сыныпты бітіргеннен бастап, яғни 15 жасынан ұсташылыққа шындықтап ден қойған. Ағаш ұстасының кәсібіне әбден

көзі қанығып, өзінің қолынан да іс келетінін осы кезден-ақ көрсетуге тырысады. Өз дәуірінде ауылдың айтулы ұстасы болып танылған нағашы атасы Найб Жиенбаевтан дарыған өнер оны осы кәсіпке алып келгені анық еді. Орта мектепті бітіріп шыққанда Бөкенбай бұл кәсіптің қыры мен сырына қаныққан, дайын ұста болды. Сондықтан болар, оқуға түсуге онша талпына қоймапты. Еңбектің құнын, онымен келген нанның тәттілігін ұғынған бала жігіт осы кезден бастап ағасының қолқанатына, сенімді серігіне айналады. Бұл кездері Мұрат Еңсетбайұлының кәсібі өрге басқан, кәсіпкерлік көлемінің кеңейген, жұмыс күшінің көбейген сәті-тін. Ағайынды кәсіпкерлер енді өндіріс ауқымын кеңейтіп, тұрғындардың сұранысына қарай – үйге қажетті түрлі жиһаздар мен бұйымдарды қолдан жасап шығуға бет бұрған. Халықпен қатар мекемелердің кеңсесіне қажетті дүние-бұйымдар жасау сұранысы да арта түседі. Әуелгі жұмыстарын үш қабатты үйдің бірінші қабатындағы екі бөлмесінен бастаған оларға бұл кезде арнайы шеберхана қажеттілігі бой көрсетті. Со-сын базар маңынан бос ғимаратты жалға алып кәсіптерін жүргізуге тура келді. Кейіншелік Достық көшесінің бойындағы бұзылған үйдің орнынан өздеріне арнап шеберхана, кеңсе орнын қолдан тұрғызып алды. Мұның бәріне олар күндіз-түні тынбай еткен еңбектерінің, толассыз жүргізген жұмыстарының арқасында қол жеткізді.

Қолдан жасаған жиһаз-бұйымдарын сатуға арналған «Сымбат» суда үйін іске қосты. Ол жерден үйге де, кеңсеге де қажетті дүниелердің неше түрін табуға болады. Кезінде «Нарымбетов ЖК» болып ашылған ұжымнан бергенде, сұраныс қажеттілігіне қарай Бесаспап-П» ЖШС бөлініп шығып, жаңа ұжым ашылды. Осы серіктестікте шебер-ұста болып жұмыс істейтін Бөкенбай бұл күнде өмірде де, кәсіпкерлік пен ұсташылықта да толысқан, бұғанасы бекіген азамат. Үйленіп, Жәмила Жұбаниязова есімді жарымен екеуі өз шаңырақтарын көтерді. Жас отбасы алғашқы сәбилерінің дүниеге келер бақытты да, қуанышты сәттері күтулі. Қазіргі таңда 4 шеберханасы, 5 жұмысшысы бар ұжым жиһаздар жасаудан басқа темірден, пластиктен есік-терезелер жасап шығару қызметімен де айналысуда. Мұндағы жұмысшы-қызметкерлердің барлығы осы қала тұрғындары. Тұрғындардың сұранысына, тапсырысына орай олардың қалаған дүниелерін дер

кезінде және сапалы етіп жасап беруге дағдыланған. Бітірілген заттар тапсырыс берушілердің өтінішіне қарай үйіне дейін өз көліктерімен тегін жеткізіліп беріледі. Бөкенбайдың өзі тапсырыс берушілердің таңдауымен жасалатын жиһаздың кескіндемесін, сұлбасын жасап шығады. Бұл жерде пәтердің аумағы, ішкі құрылымы, обойдың түр-түсі, заманауи талапқа лайықты болуы секілді ұсақ-түйекке дейін ескеріліп, тапсырыс берушінің таңдауы – бәрі-бәрі тиянақтылықпен есепке алынады екен. Біздің ағашшылықпен және сапалы жасалған дүниеге қашанда сұраныс артатыны белгілі және бұл бизнестің өз заңдылығы.

Қаланың қаншама отбасын жұмыспен қамтып отырған кәсіпкерлік ұжым қайырымдылық жасаудан да кенде емес. Олар тарапынан жаңадан салынған кеңселерге жиһаздармен демеушілік жасалып, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларға жыл сайын қайырымдылық көмек көрсетіліп келеді. Биылғы Арыс оқиғасына байланысты ол жаққа да қомақты қаржы аударылған. Басталғалы тұрған жаңа оқу жылына байланысты екі тұрмысы төмен және көп балалы отбасы балаларына мектепке қажетті құрал-жабдықтар, киім-кешек әперуді мойындарына алып отыр. Шығармашылық жандардың кітаптарын шығаруға әрдайым демеушілік жасап жүреді.

– Біздің ұжым ешқашан қайырымдылық жасау шараларына қатысудан бас тартқан да, қалған да емес. Жұмысшыларға еткен еңбектеріне қарай жалақысын уақытында төлеп отырамыз. Оларға да реті келгенде көмектесуден қалмаймыз, – дейді Бөкенбай. – Адал еңбекпен жасалатын жұмысымыз өзіміздің бала-шағамызға да жетіп, қиналған жұртқа да көмек қолын созу – біздің азаматтық және адамдық борышымыз деп санаймыз. Осынау жасалған қайырымдылық істерімізді есептеп, жазып жүруді мақсат етпейміз. Оны бізден көмек алған жандар мен бір Құдай білсе болды, – дегенді ұстанған жігіттің бұл ісі мұсылмашылықтағы «Оң қолың бергенді, сол қолың көрмесін», – деген қағидасын еске түсіреді. Замана көшінен қалмай, бүгінгі кездің ең қажетті талабына бейімделе білген жас ұстаның алдағы істері де баянды, табысты, жемісті боларына біз де сенеміз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №28/54, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.